Что касается трудовых, то за присяжным заседателем сохраняется его место работы. Его не могут уволить или понизить в должности, перевести на нижестоящую работу. Время нахождения его в суде засчитывается в трудовой стаж. Вот такие гарантии имеются. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Әбдірашид Төлегенұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасы Мемлекет басшысының Құқық қорғау институттарын күшейтуге қатысты тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленген.

Аталған заң жобасының мақсаты сот жүйесін жетілдіру және сот төрелігін жүзеге асыру тиімділігін қамтамасыз етіп, қоғамның құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін, сондай-ақ сотқа деген сенімін арттыру болып табылады.

Заң жобасына сәйкес 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилер сотының қарауына аса ауыр және ауырлығы орташа қылмыстардың бір бөлігі қаралуы көзделген.

Нәтижесінде сот төрелігін іске асыру рәсіміне азаматтық қоғамның қатысу аясы кеңейіп, қылмыстық істерді қарау кезіндегі азаматтарға қатысты әділдікті жүзеге асыруға

және оны бақылауға мүмкіндік болады, яғни азаматтық қоғамның сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы шешім қабылдауына қатысуын қамтамасыз етеді.

Ресми мәліметтерге сәйкес алқабилердің қатысуымен жүргізілген сот процестері бойынша ақтау үкімдерінің саны едәуір жоғары. Мысалы, соңғы үш жыл ішінде алқабилер қатысуымен қаралған 130 істің 14-і бойынша ақтау үкімі шығарылып, тек үшеуіне ғана апелляциялық шағым болған. Оның өзінде үкімдерді қайта қарауға сот талқылауы барысында орын алған процестік бұзушылықтар мен алқабилерді іріктеу рәсімі сақталмауы негіз болған.

Жалпы, Жоғарғы Сот тарапынан үш жылда алқабилер сотымен қабылданған ақтау үкімдерінің ешқайсысының күші жойылмаған.

Осы тұста назар аударатын келесі мәселе (оны бүгін әріптестерім де сұрақ ретінде қойды) алқабилерге кандидаттарды іріктеуге қатысты, яғни тәуелсіз, білікті алқабилер сотын қажетті деңгейде қамтамасыз ету міндеті.

Ұсынылып отырған заң қабылданып, енгізілген нормалар күшіне енгеннен соң алқабилер соты қарайтын қылмыстық істердің көлемі артады деп күтілуде. Сондықтан олардың заңда көрсетілген талаптарға сай әділетті, сауатты, жауапкершілігі жоғары болуы сот төрелігін сапалы, сенімді жүзеге асырудың кепілі.

Қолданыстағы «Алқабилер туралы» Заң талаптарына сәйкес алқабилерді жергілікті атқарушы органдар қалыптастырады және сарапшылардың пікірінше алқабилер тізімін жасаған кезде тексеру жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі салдарынан бірқатар кемшіліктер орын алған.

2023 жылдың 1 шілдесінен бастап тізімді жасақтау электрондық жүйеге енгізіліп, бірыңғай бір тізім жасалынады деп күтілуде. Бұл өз кезегінде алқабилер соты құрамын іріктеуінің сапасын жақсартуға тиіс.

Заң жобасын қабылдау алқабилер соты институтын дамытуды, халықтың соттарға деген сенімін нығайтуды, сот төрелігін іске асыру рәсіміне азаматтық қоғамның қатысу аясын кеңейтуге ықпал етіп, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін болады.

Сенаттың барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық, әлеуметтік-экономикалық салдарға әкелмейді.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті әріптестер! Бүгін біз сот төрелігі үшін шын мәнінде өзекті әрі маңызды заң жобасын талқылап отырмыз.

Өз кезегінде 15 жыл жұмыс істеу тәжірибесіне қарамастан Қазақстандағы алқабилер соты әлі де айтарлықтай күшіне ие болмағандығын және сот ісін жүргізу жүйесінде толыққанды орнықтағандығын мойындау қажет.

Бұған себептердің бірі 2007 жылдан бастап алқабилердің соттылығын анықтауда тұрақсыз көзқарастың орын алуы болып отыр. Оның үстіне қылмыстық істер соттылығының азаюы алқабилер сотының іс жүзінде күрт төмендеуіне әкелгендігі жасырын емес. Осыған орай бүгінгі қаралып отырған заң жобасы соттылықты арттырып, алқабилер қарайтын істердің санаттарын кеңейтуге мүмкіндік береді, яғни аса ауыр қылмыстармен қатар ауыр және ауырлығы орташа қылмыстардың бір бөлігі алқабилердің қатысуымен қаралатын болады.

Өз кезегінде алқабилер қатысатын істер санатын кеңейту – әділ сот төрелігінің маңызды шарты болып, сот төрелігін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Тұтастай алғанда, қазіргі Қазақстан жағдайында алқабилер институты қоғамның құқықтық жүйесін ғана емес, жалпы мемлекеттік билікке деген сенімін арттыруда зор әлеуетке ие болатыны айқын.

Қорыта келгенде, алқабилер соты халық өкілдерінің қатысуымен сот билігін жүзеге асырудың аса ұтымды нысаны болып табылады. Сондықтан алқабилер институтын одан әрі жетілдіру керек және мүмкіндігінше алқабилер сотының кең қолданылғаны қажет деп санаймын.

Құрметті әріптестер, осы айтылғандарды ескере келе сіздерден заң жобасын қолдап, дауыс берулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассмотрение проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений в Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан по расширению категорий дел, рассматриваемых судом с участием присяжных заседателей» во втором чтении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минут үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы сот төрелігін жүзеге асыруға азаматтық қоғамның қатысуын және алқабилер соты қарайтын қылмыстық істердің құрамын кеңейту мақсатында әзірленді.

Заң жобасы қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіріп, соттардың алқабилердің қатысуымен қарауға жататын қылмыстық істер құрамын айқындауды көздейді.

Заң жобасымен 2024 жылдың 1 қаңтарынан алқабилер соты қарайтын істердің санатына 13 құрамнан тұратын ауыр және орташа ауыр қылмыстарға қатысты істерді енгізу ұсынылады.

Нәтижесінде 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилер қатысуымен өтетін соттардың қарауына қылмыстың жалпы 44 құрамы беріледі.

Азаматтық қоғамның құрамдас бөлігі болып саналатын алқабилер сотының қылмыстық істерді қарау кезінде сотталушыға қатысты шешім қабылдауға қатысуы, сот төрелігін іске асыру мүмкіндігі қоғамның соттарға қатысу аясын кеңейтумен бірге сот билігіне тікелей араласып, тараптардың теңдігі мен жарыспалық қағидаттарын қамтамасыз ететін болады.

Заң жобасы комитеттің кеңейтілген отырысында қаралып, талқыланды және қосымша ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4 тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер, бұл заң Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мақсатымен қабылданып отыр. Жалпы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын арнайы институттарды жетілдірудің маңызы зор. Бұл ретте алқабилер соты айрықша мәнге ие.

Қабылданған заң осы институтты одан әрі дамытуды және алқабилердің қатысуымен сотта қаралатын істердің санаттарын кеңейтуді көздейді. Бұл қоғамның сұранысына сай келетін әділетті құқық қорғау жүйесін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Алдағы уақытта алқабилер соты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сотта қорғалуына қосымша кепілдік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Ағымдағы жылдың 30 қарашасында Парламент Сенатының Қаржы және бюджет комитеті құрамында бағалы металдар бар шикізатты қайта өңдеу және тазарту жөніндегі «Тау-Кен Алтын» ЖШС аффинаж зауытында болды. Зауытқа бару шеңберінде комитет бағалы металдар өндірушілерінің республикалық қауымдастығының, «Тау-Кен Алтын» зауытының, Қазақстанның зергерлік нарығының өкілдерімен, осы саладағы инвесторлармен, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігі мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесу өткізді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда зергерлік бұйымдар тауарларының айналымына 2 мың 480 қатысушы тіркелген, оның ішінде 197 зергерлік бұйымдарды өндірушілер, 1 мың 956 ломбардтар қызметімен айналысатын қатысушылар бар.

Ресми статистикаға сәйкес 2021 жылы елдің зергерлік бұйымдар нарығы 76,1 миллион АҚШ долларын құрады, оның тек 4 миллионы, яғни 5 пайызын отандық зергерлік бұйымдар өндірушілері өндірген.

Салық есептілігінің деректеріне сәйкес 2021 жылы бизнес субъектілері бюджетке 5,9 миллиард теңге толықтырды.

В Казахстане одной из главных проблем оценки емкости рынка ювелирных изделий является отсутствие достоверной таможенной статистики. Так, зеркальный анализ товарооборота ювелирных изделий из Турции за 2021 год показывает разницу на 7,5 миллиона долларов, что подтверждает присутствие теневого импорта.

Необходимо отметить, что наблюдаемая конкуренция носит недобросовестный ценовой характер ввиду контрабанды некачественного и фальсифицированного товара.

По оценкам Лиги ювелиров Казахстана, рынок ювелирных изделий состоит на 90 процентов из контрафактных и контрабандных изделий, которые не держат соответствующую пробу.

Считаем, что предпринимаемых Правительством мер недостаточно. Во внутреннем рынке сохраняется ряд барьеров, препятствующих освоению невыработанного потенциала казахстанской ювелирной промышленности.

Первое. Значительный объем контрабандных, незаконно реализуемых ювелирных изделий на местном рынке. В 2021 году объем производства составил 4 миллиона долларов при занятости в отрасли 748 человек. При этом отраслевыми экспертами теневой рынок оценивается более чем 30 миллионов долларов. В случае вывода из тени всей отрасли и достижения официального объема производства на уровне 30 миллионов долларов численность занятых может достичь порядка 5600 человек.

Кроме того, за счет создания смежных отраслей это даст мультипликативный эффект.

Второе. Неконкурентные условия для приобретения сырья являются благоприятной почвой для деятельности незаконных поставщиков сырья ювелирной промышленности. С января 2023 года отечественные ювелиры не будут платить НДС при покупке золота и серебра. Данная инициатива была поддержана депутатами Парламента с целью стимулирования развития производства и вывода из теневого оборота ювелирной отрасли. Однако для полного вывода из тени ювелирного оборота страны необходимо предусмотреть дополнительные меры стимулирования.

В странах, где хорошо развита ювелирная отрасль, в Турции, Индии, Китае, Армении, предусмотрен ряд благоприятных мер для развития данной отрасли:

обнуление импортной пошлины на драгоценные камни;

отмена НДС на приобретение золота;

низкая ставка импортной пошлины на закуп оборудования и другие.

Следует отметить, что, по мнению представителей Лиги ювелиров и Пробирной палаты, на фоне того, что Казахстан входит в топ-20 стран мира по производству золота,

главными поставщиками золота для отечественного ювелирного производства остаются ломбарды и теневой рынок.

Третье. Ломбарды под видом ювелирных изделий вывозят лом драгоценных изделий, бывших в употреблении. Основной объем экспорта направляется в Швейцарию, около 98 процентов.

Таким образом, для развития отечественной ювелирной промышленности необходимо сконцентрировать в дальнейшем внимание на пяти основных направлениях:

усиление борьбы с теневым импортом и ограничение контрабанды;

2) повышение конкурентоспособности казахстанской ювелирной отрасли путем внедрения финансовых и нефинансовых мер стимулирования;

3) предусмотреть реализацию ломбардами ювелирных изделий, бывших в употреблении, исключительно на внутреннем рынке;

4) легализация теневого оборота отечественных производителей путем маркировки товаров, проведение департаментами Комитета технического регулирования и метрологии регулярных проверочных мероприятий на точках продаж;

5) улучшение компетенции отечественных ювелиров.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу салық салынатын базаны едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді, елдің зергерлік өнеркәсібін одан әрі дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға серпін береді.

Құрметпен Қаржы және бюджет комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Келесі сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі – ол инвестиция тарту» деп көрсетілген.

Осыған байланысты Жамбыл облысының оңтүстік шекарасындағы 117 мың халқы бар Қордай ауданында Оңтүстік өңірлік қолбасшылығының №40 Отар әскери базасы, «БиоФарм» заводы сияқты маңызды объектілер орналасқан. Бұдан бөлек тартылған инвестициялардың негізінде алдағы уақытта өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарына сәйкес бірқатар кәсіпкерлік нысандардың құрылысы жүргізілуде. Соның бірі 2022 жылғы 29 наурызда Үкімет бекіткен еліміздің аумағында трансшекаралық хабтардың жобаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан-Қырғыз шекарасында орналасқан «Қарасу» және «Ақ тілек» автожол өткізу пункттері аймағындағы индустриялық сауда-логистикалық кешенін ары қарай ИСЛК құру жобасы болып табылады.

Қазіргі таңда ИСЛК-ның инфрақұрылымын облыс аумағындағы республикалық маңызы бар «Тараз» индустриялық аймағының субаймағы ретінде дамыту бойынша шаралар атқарылуда.

Кешен аумағын газ, су, байланыс және интернетпен қамтамасыз ету мәселесін тиісті қаражат бөлінген жағдайда толық шешу мүмкіндігі бар. Дегенмен бүгінгі күні болжамды қуаты 10 МВт болатын ИСЛК-ны қажетті электр энергиясымен жабдықтау мәселесі негізгі проблема болып отыр. Себебі қазіргі уақытта Қордай ауданында электр энергиясына тапшылық орын алуда және оның қажетті 90 пайыздан астамы көрші Қырғыз Республикасынан жеткізілуде.

Аталған ауданда орналасқан «Көркем» Қазақстан-Сингапур кәсіпорны тарапынан жалпы инвестициялық көлемі 50 миллиард теңгені құрайтын 35 МВт электр энергиясын пайдаланатын және 300 жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз ететін ауқымды цемент зауытының құрылысы жүріп жатыр.

Ендігі жерде осы мәселені аудандағы «Қордай 220» станциясын салу арқылы ғана шешуге болады. Бұл жағдайда тек ИСЛК-ны ғана емес, тұтастай ауданның электр энергиясының тапшылығы мен тәуелділігі мәселелерін шешуге, сондай-ақ кәсіпорынның салынып жатқан цемент зауытымен қоса басқа да әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандарды сенімді ток күшімен қамтамасыз етуге толық мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Қордай ауданында қуаты 63 МВт қосалқы станция мен жоғары вольтты әуе желілерін салу бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, жалпы құны 21 миллиард теңгені құрайтын жоба дайындалды. Ол жүзеге асқан жағдайда жоспарланған және құрылысы жүріп жатқан нысандарды электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, тариф құнының төмендеуіне де септігін тигізеді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың 2022 жылғы 28 қыркүйектегі хаттамасына сәйкес аталған жобаны 2023 жылы қаржыландыру бойынша нақты тапсырма берілген болатын.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыда айтқанды ескере келе, Қордай ауданына 63 МВт қосалқы станция мен жоғары вольтты әуе желілерін салу үшін республикалық бюджет есебінен қажетті қаражат бөлуіңізді, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижелерінің белгіленген мерзімінде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жолданатын болады.

Құрметпен Сенат депутаттары Б. Орынбеков, Ә. Нұралиев».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

«Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову Алихану Асхановичу. Депутатский запрос.

Уважаемый Алихан Асханович! В своей предвыборной программе Президент ставит задачу – осуществить комплексную модернизацию онкологической службы и здравоохранения в целом.

В настоящее время ядерная медицина является одним из наиболее динамично развивающихся направлений в сфере здравоохранения в мире. Для достижения намеченных Главой государства уровней развития высокоразвитых стран необходимо планомерно внедрять ядерную медицину в республике.

На правительственном часе, посвященном проблемам системы здравоохранения, проведенном в Сенате Парламента 2 декабря, поднимался вопрос, связанный с ядерной медициной, в развитие которого и подготовлен настоящий депутатский запрос.

Кроме того, депутатскому запросу предшествовало заседание рабочей группы с представителями уполномоченных государственных органов и центров ядерной медицины.

Сегодня в Казахстане активно открываются центры ядерной медицины. Конечно, их не будет много, но каждый из них требует огромных финансовых затрат. Их можно отнести к одному из компонентов национальной безопасности страны.

Однако в настоящее время имеется ряд проблем для запуска объектов ядерной медицины и других объектов здравоохранения, работающих с источниками ионизирующего излучения, а именно недостаточная нормативно-правовая база с соответствующими требованиями к проектированию и строительству.

При прохождении государственной экспертизы объекты проверяются не в полной мере на соответствие требованиям радиационной безопасности (Министерство энергетики) и требованиям GMP (Министерство здравоохранения).

Со стороны Комитета по атомному и энергетическому надзору и контролю Министерства энергетики и Министерства индустрии и инфраструктурного развития отсутствует какой-либо контроль на этапе проектирования, прохождения государственной экспертизы, строительства, ввода в эксплуатацию, вывода из эксплуатации.

Комитет по атомному и энергетическому надзору и контролю выдает лицензии на деятельность уже после ввода объекта в эксплуатацию. Таким образом, ошибки в проектировании или строительстве могут быть выявлены только после завершения всех строительных работ. Их исправление, особенно в конструктиве, занимает длительное время, требует больших финансовых затрат, и объект не может быть запущен в запланированные сроки.

Имеются не совсем положительные примеры, когда строительство объектов затягивалось по вине недобросовестных исполнителей, в том числе из-за пробелов в НПА.

Не разработан типовой проект центров ядерной медицины.

Отсутствует межведомственная координация на всех этапах строительства, а разработанная Министерством здравоохранения Дорожная карта развития ядерной медицины до 2025 года не решает этой задачи.

В связи с вышеизложенным, учитывая важность и срочность принятия необходимых мер, которые будут способствовать развитию ядерной медицины в стране, необходимо:

разработать и утвердить свод правил по проектированию и строительству объектов здравоохранения, использующих источники ионизирующего излучения, а также объектов производства радиофармпрепаратов с учетом требований GMP и рекомендаций МАГАТЭ;

на все проекты по строительству объектов ядерной медицины необходимо обязательное отраслевое заключение Комитета по атомному и энергетическому надзору и контролю как, лицензиара любой деятельности в Республике Казахстан, связанной с радиационной безопасностью.

Учитывая международный опыт, определить орган межведомственной координации при Правительстве для решения вопросов развития ядерной медицины.

Отсутствие всего вышеперечисленного влечет за собой риски несоблюдения требований радиационной безопасности и, как следствие, причинение вреда здоровью не только пациентов, персонала, но и населения в целом.

Информацию на поставленные вопросы прошу предоставить в установленный законом срок.

Депутаты Сената Аргынбекова, Альназарова».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылқарімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Бүгінгі депутаттық сауалымызды Үкімет басшысына жолдаймыз.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазіргі кезде футболдан Әлем чемпионаты өтіп жатқан уақытта елімізде спорттық ойындарға бәс тігуге деген қызығушылықтың еселеп жоғарылағаны байқалады.

Олардың үздіксіз жарнамаларын бұқаралық ақпарат құралдарынан қайта-қайта естіп-көріп жатқан азаматтар құмар ойынның қауіпті екенін білсе де тәуекелге бел буып, тәуелді болып қалып жатыр. Тәуелділіктің соңы адамды құрдымға кетіріп, қарызға белшеден батырып, отбасылардың арасына ойран салып жатыр. Құмар ойынның қызығынан шыға алмай, ақырында құнын өз өмірімен өтеуге дейін баруда. Бұл ретте психологтар құмар ойнаушылар өлімге дейін итермелейтін деңгейге жетіп қалғанын өздері байқамай қалады дейді.

Жарнама – бұл сатып алу керектігіне сендіру, олармен таныстыру, халыққа тауар туралы ақпарат беру процесі. Жарнама мақсаты тұтынушыларды тауар немесе қызмет көрсету олардың алуан түрлі қажеттерін толығымен өтейтініне, өмір сүруге қажетті қолайлы жағдайлар жасауға, тауардың немесе көрсетілетін қызметтің пайдалылығына немесе қажеттігіне сендіруге бағытталған. Әрине, белгілі бір тауарлар мен қызметтердің жарнамасы оларды тұтынушыларға өткізудің таптырмас құралы немесе тиімді әдісі. Алайда бүгінгі таңда қоғамда кең тарап жатқан құмар ойындар мен бәс тігуге қатысты компанияларды жарнамалау елімізде әлеуметтік мәселелерді шиеленістіріп, құмар ойындарға деген патологиялық қызығушылық дертіне шалдыққан адамдар санын күннен-күнге көбейтуде.

Ресми деректерге сәйкес елімізде ойын бизнесі саласында лицензиясы бар 50 ұйым тіркелген, олардың ішінде 26 букмекерлік кеңсе, 6 казино, 10 ойын автоматтары залы, 8

тотализатор, сонымен қатар 2 мың 500-ге жуық ставка қабылдау пункті жұмыс істейді екен. Алайда лицензиясыз ұйымдастырылып жүрген құмар ойындар қаншама?!

Осы тұста заңсыз ақша айналымына тоқтау салу өзекті күйінде қалып отыр. Заңды белшеден басып жұмыс істеп жатқан ойынханалар көп болғанымен, құзырлы орындар заңсыздықты анықтап, оларға құрық салуға онша құлықты емес. Сенат депутаттары осы мәселені бірнеше рет көтеріп қаншама депутаттық сауалдар жолдаса да бұл жағдай әлі тыйылмай тұр.

Жалпы, елімізде 2007 жылы қабылданған қолданыстағы «Ойын бизнесі туралы» Заңға осы саладағы қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған бірнеше рет маңызды түзетулер енгізілді. Аталған заңның 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында электрондық казино мен интернет-казино қызметіне тыйым салынады. Ал «Жарнама туралы» Заңға сәйкес казино мен интернет-казино қызметтерін жарнамалауға тыйым салынады. Бірақ заңның талаптары сақталып жатқан жоқ. Мысалы, Алматы мен Қонаев қалаларының арасындағы автожол бойындағы жарнаманы көргенде қаржылық жағынан қиналып жүргендердің де, мемлекеттік қызметкерлердің де құмар ойынға арандауының негізгі себебі осы жарнамалар ма деген ой келеді.

Қазіргі кезде құмар ойындардың жарнамасы барлық бұқаралық ақпарат беттерінде, интернет желілерінде қаптап жүр. Сәйкесінше құмар ойыншылардың да саны еселеп артып жатыр, олардың мойнындағы қарыздары да миллиондап өсіп барады. Бұл ретте депутаттар тарапынан құмар ойындардың жарнамасына тыйым салу туралы мәселе көтеріліп, заңға өзгертулер енгізілуі керек деген ұсыныстар айтылып жатыр. Соның ішінде букмекерлік компанияларды жарнамалауға да тыйым салынса.

Бізде қағаз жүзінде, яғни заңдарда рұқсат етілмеген орындарда (Қонаев пен Бурабайдан басқа жерлерде) құмар ойындарының өткізілуіне тыйым салынған. Алайда ойын бизнесі үлкен қаржының көзі болғандықтан ба, әлде тиісті дәрежедегі бақылау мен қадағалаудың жоқтығынан ба, оған іс жүзінде тыйым салу әлі күнге дейін мүмкін болмай тұр. Ойын автоматтары кез келген жерге қойылған, ставка қабылдау пункттері еркін жұмыс істейді. Жарнамалық серіктестері де көбіне букмекерлік компанияларды жарнамалап күн көріп отырғандықтан одан бас тартпасы анық. Бірақ белгілі бір деңгейде тоқтау салмаса қоғамдағы жағдай ушығып барады.

Танымал тұлғалар мен әншілер, белгілі спортшылар мен өнер адамдары түскен букмекерлік компаниялардың жарнамасы барлық жерде жүр. Онсыз да тарығып жүрген жұртты қызықтырып, өзіне қарай тартып, қызған сауданы қыздыра түсіп, кірісті көбейту үшін барын салып жатыр. Әсіресе қазір әлем чемпионаттары кезінде интернет арқылы ұйымдастырылатын ұтыс ойындары көбейіп кетті. Сондықтан бұдан бұрын әріптестерім сияқты біз де бұл тұрғыдағы заңның нормаларын тағы да күшейтуді, жұртты адастыратын жарнамалардың тыйылуын қатаң бақылауды талап етеміз. Құмар ойыны адамды орға жығып, отбасыларды ойран етіп, жастарды адастырып барады. Осы орайда қоғамда жаппай орын алып жатқан келеңсіздіктер мен заңсыздықтарды болдырмау үшін заңды күшейтіп, оның нормаларының іс жүзінде қатаң орындалуы маңызды болып табылады.

Құмар ойын бизнесін ұйымдастырушылардың қалтасы кампиғанымен құмарға еріксіз құнығып бара жатқан жас азаматтардың, талай отбасылардың, халықтың тағдырының бұзылып жатқаны алаңдатады. Сондықтан көзді қызықтыратын

жарнамаларға еріп, барынан айырылғанша бәс тігетін, жеңіл ақшаға әуес болып миллиондарды желге ұшырып жатқан, тек өзін ғана емес, отбасын да шырылдатып шығынға батырып жатқан аурудың алдын қоғам болып алуымыз қажет.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы мәселені жан-жақты зерделеп, оны шешуге ықпал етуіңізді сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар А. Толамисов, Д. Нұржігітова».

ТӨРАҒА. Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер, өздеріңізге белгілі, ертең еліміз Тәуелсіздік күнін атап өтеді. Баршаңызды осы қасиетті де қастерлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Тәуелсіздік күні – еліміздің ең ұлық мерекелерінің бірі. Бұл күн азаттығымыз бен еркіндігіміздің символы. Шын мәнінде, еліміздің бүгінге дейін жеткен жетістіктерінің бәрі осы тәуелсіздіктің жемісі.

Тәуелсіздіктің арқасында біз демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудамыз.

Қазір бүкіл әлем алмағайып кезеңді бастан өткеруде. Осындай күрделі шақта елдіктің іргесін бекітіп, тәуелсіздікті нығайту – басты міндет. Сол жолда бәріміз аянбай, әрі қарай да нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін.

Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, халқымызға амандық, бірлік, бақ-береке және елімізге тыныштық тілейміз.

Егемен еліміз өркендей берсін! Мереке құтты болсын!

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 15 желтоқсан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Узбекистан о сотрудничестве в области предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Ю.В. ИЛЬИННІҢ баяндамасы

Доклад Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан ИЛЬИНА Ю.В. 1

Сөз сөйлеген:

Выступила:

ҚАПБАРОВА А.Ж. 2

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Д.Ө. НҰРЖІГІТОВАНЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУРЖИГИТОВОЙ Д.О. 3

Сөз сөйлеген:

Выступил:

САРЫБАЕВ Ғ.Т. 3

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Туркменистана о

сотрудничестве в области гражданской обороны, предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі
Ю.В. ИЛЬИННИҢ баяндамасы**

Доклад Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан
ИЛЬИНА Ю.В. 4

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МЕДЕБАЕВ С.Т. 5

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Д.Ө. НҰРЖІГІТОВАНЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУРЖИГИТОВОЙ Д.О. 6

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЕРШОВ С.М. 7

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Объединенных Арабских Эмиратов о поощрении и взаимной защите инвестиций», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары
Қ.Е. ОМАРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад первого заместителя Министра иностранных дел Республики Казахстан ОМАРОВА К.Е. 8

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. 9

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству СУЛТАНОВА Е.Х. 10

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ҚАНИЕВ Б.Н. 10

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений в Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан по расширению категорий дел, рассматриваемых судом с участием присяжных заседателей», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ә.Т. ЖҮКЕНОВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан ЖУКЕНОВА А.Т. 11

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

РЫСБЕКОВА Л.Т. 13

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. 15

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. 16

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. 18

ВОЛКОВ В.В. 18

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений в Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан по расширению категорий дел, рассматриваемых судом с участием присяжных заседателей» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. 19

Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 20

Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 22

Депутат А.С. АРҒЫНБЕКОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АРҒЫНБЕКОВОЙ А.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 23

Депутат А.Г. ТОЛАМИСОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТОЛАМИСОВА А.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 25

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы»
РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
басшысы

Г. Молдашева